

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1395 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 77 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.01.2013 № 77 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.01.11 № 22 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.01.11 № 22 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2) ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.01.11 № 22 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Мыналардың:

1) "Заңды және жеке тұлғаларға ғарыштық кеңістікті пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия берудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 431 қаулысының ;

2) "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 40, 522-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағының;

3) "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 мамырдағы N 438

қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 17, 191-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2007 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1395 қаулысымен
бекітілген

Ескерту. Біліктілік талаптары алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.01.11 № 22 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2007 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1395 қаулысымен
бекітілген

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.01.11 № 22 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары мыналардың:

1) дара кәсіпкер ретінде ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін - біліктілігіне сәйкес кемінде үш жыл жұмыс өтілімен лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімінің;

з а ң д ы т ұ л ғ а ү ш і н :
тиісті дипломдармен, сертификаттармен, аттестаттармен, еңбек кітапшасындағы жазулармен немесе шарттармен расталған жоғары білімінің және басшы лауазымда кемінде үш жыл жұмыс өтілімен ұйым басшысының; штатта біліктілігіне сәйкес кемінде үш жыл жұмыс өтілімен лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандардың кемінде 10% б о л у ы н ы ң ;

2) меншік құқығында немесе өзге де заттық құқықта техникалық-өндірістік базаның (үй-жайлардың, арнайы зертханалық, стенділік, өндірістік,

технологиялық, сынақтық және өлшегіш жабдықтың, бақылау-тексеру а п п а р а т у р а с ы н ы ң) ;

3) жобаның мақсаты, өндіріс өрістейтін немесе қызметтер көрсетілетін аумақ, мәлімделген жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін техникалық процестің сипаты көрсетілген жобаның болуын қамтиды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК